2022 жылдың сәуір айының 2-ші онкүндігіне
қысқаша агрометеорологиялық шолу

Сәуірдің екінші онкүндігінде Қазақстанның оңтүстігінің және оңтүстік-шығысының күздік бидай себілетін аудандарының кей жерлерінде орын алған жылы, шамалы жауын-шашынды ауа райы күздік бидайдың өсіп өнуіне қолайлы болған. Даму фазасы «3-жапырақ» - «сабақтану». Егістіктердің жағдайы өте жақсы және жақсы.

Оңтүстік облыстарда жаздық дәнді дақылдарды (арпа) себу науқаны аяқталуда, жаздық бидайды, жылу сүйгіш дақылдарды (мақта, дәндік жүгері) себуге және егін себу жұмыстары алдында топырақты қажетті ылғал қорымен қамтамассыз ету үшін мақтаны ылғалмен зарядтап суаруға кіріскен.

Жамбыл, Түркістан және Алматы облыстарында жаздық арпаның жағдайы тегіс жақсы. Кейінгі кезеңдердегі егістіктерде даму фазасы «түйін тамырларының пайда болуы» - «сабақтану», кеш себілген егістіктерде «дәннің өнуі» - «3-жапырақ».

Алматы облысының Талдықорған станциясы маңайындағы бақылау учаскелерінде топырақты алдын ала өңдегеннен кейін жаздық бидайды себуге кіріскен, егін жұмыстарының сапасы жақсы.

Еліміздің солтүстік жартысында температуралық фонның жоғарлауы егістіктерде қардың тез еруіне ықпал еткен, шаруашылықтар ішінара жерді тырмалауға және жаздық дақылдарды себу үшін топырақты қопсытуға кіріскен.

Бақылау нәтижелері бойынша жеміс ағаштарының жағдайы барлық жерде өте жақсы және жақсы болып бағаланған. Алматы облысы Есік МС маңайындағы алма ағашы бақтарын улы химикаттармен өңдеуге кіріскен.

Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығысының екпе шөптері бар аудандарында қолайлы ауа райы мен топырақта ылғалдың жеткілікті қорының арқасында өсімдіктердің өсуі мен дамуы үшін қолайлы ауа райы жағдайы болған. Жоңышқа, эспарцет және беде шөптерінің жағдайы көбінесе жақсы, кейбір жерлерде қанағаттанарлық (беде).

Ауа температурасының жоғарылауы және жауын-шашын Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстарында өсімдіктердің қайта өсіп-өнуіне және еркек шөптің өсуіне ықпал еткен.

Жайылымдық мал шаруашылығы аудандарында метеорологиялық ауа-райы жағдайлары ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға және негізгі шаруашылық іс-шараларын жүргізуге, сондай-ақ жайылымдық өсімдіктердің жаппай өсіп-өнуіне қолайлы болған. Өткен онкүндікте мал жаю барлық жерде жүргізілген, төлдеу науқаны, қой қырқу және ветеринариялық іс-шаралар жалғасуда.

Жер оттылығының жағдайы жақсы және қанағаттанарлық, шөптің нашар жағдайы Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында байқалған. Жайылымдар әлсіз және орташа тапталған, Алматы облысының Қаратал ауданында қатты тапталған. Шымның жағдайы көбінесе, дымқыл, кей жерлерде құрғақ.

Жамбыл және Түркістан облыстарында топырақтағы өнімді ылғал қоры оңтайлы, Алматы және Ақтөбе облыстарында оңтайлыдан қанағаттанарлыққа дейін, Шығыс Қазақстан облысында қанағаттанарлық және Батыс Қазақстан облысында қанағаттанарлықтан оңтайлыға дейін болған.